

# Оқу залы ашылды

**С.Торайғыров атындағы  
облыстық кітапханада ғалым,  
геолог, ҚазКСР Ғылым  
академиясының тұңғыш  
президенті Қаныш Сәтбаев  
атындағы оқу залы ашылды.**

Залдың салтанатты ашылуына өңіріміздің зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, студенттер мен оқушылар қатысты.

- Мұражай - халық мұрасының киелі орны. Мұражай - ізденіс орталығы, ғылыми мекеме деуге де толық негіз бар. Жұмыстың негізгі бөлігі - жәдігерлерді табу, сақтау және насихаттау. Қаныш Сәтбаев атындағы Баянауылдағы мұражай 1934 жылы ашылып, 1967 жылы жаңа ғимаратқа көшірілген болатын. Онда академиктің туған қыстауы, балалық шағы, жоғары оқу орнында оқыған жылдары, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының президенті болып сайланған уақытқа дейінгі, одан кейінгі өмір жолдарынан мол мағлұмат береді. Мұражай қорында 3 мыңнан аса жәдігер бар. Жыл сайын мұражайға келушілер саны артып келеді. Жастарды рухани тәрбиелеуде мұражайдың тигізер маңызы артты. Бүгінгі шара да соның бір жалғасы іспеттес. Өйткені, Қаныш Имантайұлының ғибратты ғұмыры - барша қазаққа зор өнеге, - деді Қ.Сәтбаев атындағы Баянауыл мемориалды мұражайының бас қор сақтаушысы Ерлан Қазелұлы.

Аталмыш шарада оқырмандар назарына «Ғылымның жарық жұлдызы» атты кітап көрмесі, Қ.Сәтбаев атындағы Баянауыл мемориалды музей қорынан шағын көрме және Павлодар География үйі ұсынған пайдалы қазбалар жиынтығы ұсынылды.

**М.АМАНТАЙ.**